«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Пән атауы: «Мейіргерлік технологиялар»
Мамандығы: 09130100- «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 4S09130103 -«Жалпы практикадағы мейіргер»
Курс: 1 курс
Семестр: I - II семестр
Бақылау түрі: I семестр – с/сынақ; II семестр - емтихан
Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі KZ: I семестр - 120/5;
II семестр - 240/10
Студенттің өзіндік жұмысы: I семестр -12; II семестр - 48
Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы: I семестр - 6; II семестр - 18
Аудиториялық: I семестр - 24; II семестр – 24
Симуляциялық: I семестр - 18; II семестр – 30
Оқу практикасы: I семестр - 60; II семестр – 120

Шымкент, 2025 ж.

Бақылау өлшеу құралы «Мейіргерлік технологиялар» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Құрастырушы:_____ Мәди Ә.Қ.

Хаттама № 1 "27" 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:_____ Айбекова Г.Н.

8.1. Пән/модуль бойынша тесттер

Аралық бақылау 1

1.Жедел медициналық көмекті қажет ететін аурулар мен жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсету түрі:
A. <variant>жедел медициналық көмек
B. <variant> амбулаторлы емханалық көмек
C. <variant> стационарлық көмек
D. <variant>біріншілік медико санитарлық көмек
E. <variant> консультативті диагностикалық көмек

2.Науқастарға уақытша жұмысқа жарамсыздық экспертизасын жүргізетінемдік алдын-алу мекемесі:
A. <variant>емхана
B. <variant> диспансер
C. <variant>әйелдер консультациясы
D. <variant> фельдшерлік-акушерлік пункт
E. <variant> медициналық пункт

3.Емдік алдын-алу мекемелердің жедел медициналық көмек көрсететін мекеме:
A. <variant>жедел жәрдем станциясы
B. <variant> диспансер
C. <variant>әйелдер консультациясы
D. <variant> фельдшерлік-акушерлік пункт
E. <variant> медициналық пункт

4.Жүкті әйелдердің диспансерлік бақылауын және «қатер тобындағы» әйелдерді анықтаумен айналысатынемдік алдын-алу мекеме:
A. <variant>әйелдер консультациясы
B. <variant>перзентхана
C. <variant> диспансер
D. <variant>жедел жәрдем станциясы
E. <variant> клиника

5. Емдік алдын- алу мекемесіндегі тексеру және емдеу жұмыстарын тәулік бойы жүргізетін құрылымдық бөлім:
A. <variant>стационар
B. <variant>емхана
C. <variant>амбулаторлық
D. <variant>жедел жәрдем бөлімі
E. <variant>здравпункт

6. Амбулаторлы-емханалық және ауруханалық медициналық көмек көрсету аралығындағы бөлім:
A. <variant> күндізгі стационар
B. <variant> диспансер
C. <variant> жедел жәрдем бекеті
D. <variant> емхана
E. <variant> санатория

7. Төтенше жағдайда халыққа медициналық көмекпен қамтамасыз ететін мекеме:
A. <variant> жедел жәрдем станциясы
B. <variant> жансақтау бөлімі
C. <variant> денсаулық пункті

D. <variant> аурухана
E. <variant> медициналық санитарлы бөлімі

8.Нәжісті жасырын қанға зерттеу кезінде науқасқа мейіргер тексеруден бір күн бұрын тыйым салады:
A. <variant>ет, алма жемеуге
B. <variant>шай мен кофе ішпеуге
C. <variant> жеміс жидек жемеуге
D. <variant>сұйықтық қолдануды азайтуға
E. <variant> дефекация кезінде күшенбеуге

9.Медициналық қызметкерлерінің іс-әрекеттері қателіктерінен дамитын ауру.
A. <variant>ятрогения
B. <variant>эгогения
C. <variant>сестрогения
D. <variant>деонтология
E. <variant>аллергия

10.Дәрігер науқасқа наркотикалық дәріні пероральді тағайындады. Ауруханада науқастар наркотикалық дәрілерді қабылдауды қатысуымен жүргізіледі:
A. <variant> мейіргердің
B. <variant>туыстарының
C. <variant> емдеуші дәрігердің
D. <variant> санитарканың
E. <variant> бас дәрігердің

11.Мейіргерлік үрдістің ... кезеңінде мейіргерлік күтім мақсатын анықтау жүргізіледі.
A. <variant> мейіргерлік күтімді жоспарлау
B. <variant>ақпарат жинау
C. <variant> мейіргерлік құжатнамаларды толтыру
D. <variant> мейіргерлік диагнозды анықтау
E. <variant>мейіргерлік күтімді іске асыру

12. Хирургиялық бөлімшеде 45 жастағы Л. науқаста антибиотикпен ем жүргізгеннен кейін аллергиялық стоматит анықталды. Тісін тазалағанда, тамақ ішкенде ауыз қуысында ауырсыну байқалатынына шағымданады. Қарау барысында ауыз қуысындағы шырышты қабаттың қызарғанын, тілінде ақ жамылғы, тіл астында бірнеше жараның бар екендігі анықталды. Ауыз қуысына күтім жасауда ... қолдану тиімді.
A. <variant>2 % гидрокарбонат натрий ерітіндісін
B. <variant>5 % бор қышқылы ерітіндісін
C. <variant>мұздай суды
D. <variant>қайнатылған жылы суды
E. <variant>дистилденген суды

13.Мейіргерлік үрдістің бұл кезеңінде тексеру кезіндегі мәліметтер мен пациенттің анықталған мәселелерін қорытындылаудан басталады, өйткені қиындықтар, денсаулық жағдайын қалыпқа келтіруге кедергі ететін, сырқат жағдай мен өлім үрдісі кіреді. Мейіргерлік үрдістің ... кезеңі туралы айтылған.
A. <variant> II
B. <variant> I
C. <variant> III
D. <variant> IV
E. <variant> V

14.Науқас 44 жаста. Белсенсіз қалыпта жатыр. Бірінші дәрежелі ойылуға ... тән.

A. <variant>тұрақты гиперемия
B. <variant>эпидермистің ажырауы
C. <variant>баздану
D. <variant>барлық жұмсақ тіндердің зақымдалуы
E. <variant>көпіршіктің пайда болуы

15.Науқас 77 жаста. Кома жағдайына түсті. Ойылудың пайда болуына ... негізгі себептер болып табылады.

A. <variant>тіндердің жаншылуы
B. <variant>депрессия
C. <variant>анемия
D. <variant>ауырсынуды басатын дәрілерді қолдану
E. <variant>ауырсыну

16.Науқас 56 жаста. Кома жағдайына түсті. Ойылудың пайда болуына әкелетін факторларды көрсетіңіз :

A. <variant>науқасты орнынан ауыстыру техникасын дұрыс қолданбау
B. <variant>жоғары ақуызды тамақтану
C. <variant>психикалық гармонияны
D. <variant>рухани гармония
E. <variant>жеке бас гигиенасын сақтау

17.Науқас 39 жаста,басынан өткен исульттен кейін аяқтарының салдануы пайда болды.Ойылулардың алдын алу үшін ... әдісін қолданамыз.

A. <variant> науқастың төсектегі қалпын әр 2 сағатта 1 рет ауысытырып отыру
B. <variant>таза орамалдармен аптасына 1 рет қамтамасыз ету
C. <variant>тамақтануды күніне 4 рет қамтамасыз ету
D. <variant>ауыз қуысын физ. ерітіндімен күн сайын өңдеу
E. <variant>науқастың терісін жылы сумен әр 2 сағат сайын өңдеу

18.Іріңді хирургия бөліміне оң жақ қолтық асты аймағындағы қатты инфильтраттың пайда болуына шағымданған науқас келіп түсті.Қарап тексергенде мейірбике домаланған, ауырсынатын инфильтратты көрді, инфильтрат айналасындағы тері қызарған, аймақтағы тері қызуы бар. Мейіргердің іс-әрекеті:

A. <variant> қолтық асты аймағын өңдеу және қыздырғыш компресс басу
B. <variant> тамақтануды күніне 4 рет қамтамасыз ету
C. <variant> ауыз қуысын физ. ерітіндімен күн сайын өңдеу
D. <variant> науқастың терісін жылы сумен әр 2 сағат сайын өңдеу
E. <variant> науқас терісін әр сағат сайын физ. ерітіндімен сүрту

19.Қатаң төсектік тәртіптегі науқаста жағымсыз иіс, тері жабындысының бұлшық етке дейін зақымдануы байқалды. Бұл ойық жараның ... дәрежесі.

A. <variant> үшінші
B. <variant> бірінші
C. <variant> екінші
D. <variant> төртінші
E. <variant> бастапқы

20.Қатаң төсектік тәртіптегі науқаста ауырсыну, барлық жұмсақ тіндердің сүйекке дейін зақымдануы байқалды. Бұл ойық жараның ... дәрежесі.

A. <variant> төртінші
B. <variant> бірінші
C. <variant> екінші
D. <variant> үшінші

E. <variant> бастапқы

Аралық бақылау 2

1.<question>Д есімді науқас төсектік тәртіп. Жауырын аймағында ісінген,алқызыл түсті, ойық жараға ұқсас жарақат пайда болды.Бұл ойық жараның ... даму дәрежесі.

A. <variant> II
B. <variant> бастапқы
C. <variant> I
D. <variant> III
E. <variant> IV

2.Науқас 65 жаста, жансақтау бөлімшесінде жатыр. Бірінші дәрежелі ойылу кезінде мейіргер ... іс-шарасын жүргізеді.

A. <variant>ығысу, жанасу, қысым факторларын жою
B. <variant> жараның жазылдыратын байлам салу
C. <variant> теріні перманганат калия ертіндісімен өңдеу
D. <variant> 1 литрге дейін сұйықтықты қабылдауды азайту
E. <variant> науқастың белсенді қимылын шектеу

3.Науқас 67 жаста, инсульт орталығына түсті. Екінші дәрежелі ойылу кезінде мейіргер ... іс-шарасын жүргізеді.

A. <variant> жараның айналасындағы теріні брилиант көгімен өңдеу
B. <variant> науқастың белсенді қимылын шектеу
C. <variant> 1 литрге дейін сұйықтықты қабылдауды азайту
D. <variant> некроздалған аймағын кесу
E. <variant> терідегі қызарған аймақты уқалау

4.Науқас 69 жаста, диагнозы бауыр циррозы, терапия бөлімшесінен жазылып шықты. Науқас тұрған бөлменің санитарлы эпидемиологиялық режим шараларына жатады:

A. <variant>қорытынды тазарту
B. <variant> ағымды тазарту
C. <variant> ошақты дезинфекция
D. <variant> қорытынды дезинфекция
E. <variant> бөлмені желдету

5.Химиялық әдіспен медициналық құралдарды дезинфекциялау кезіндегі қорытынды әрекет:

A. <variant>дезенфекциядан кейін бұйымдарды ағымды суда шаю
B. <variant> дезенфекциядан кейін бұйымдарды қайнату
C. <variant> дезинфекциядан кейін бұйымдарды механикалық тазалау
D. <variant> дезенфекциядан кейін бұйымдарды кездейсоқ тазалау
E. <variant> дезинфекциядан кейін бұйымдарды ультракүлгін сәулемен сәулелендіру

6.Темір және шыныдан жасалған бұыймдарды 110 0С температурада 20мин ішінде дезинфекциялауда ... әдіс пайдаланылады.

A. <variant>булы
B. <variant>сәулелендіру
C. <variant>қайнату
D. <variant> химиялық
E. <variant>биологиялық

7.Темір және шыныдан жасалған бұыймдарды 120 0С температурада 45 мин ішінде дезинфекциялауда ... әдіс пайдаланылады.

A. <variant>ауалық
B. <variant>булы

C. <variant>қайнату
D. <variant> химиялық
E. <variant>сәулелендіру

8.Сапасын бағалау үшін жүргізілген стерилизация алды тазалауды азопирам сынамасы көмегімен бір минут ішінде күлгін түске, содан кейін қоңыр түске өтті. Мейіргердің іс әрекеті:

A. <variant> барлығына стерилизация алдын тазалауды қайталау
B. <variant> күмәнді құрал-саймандарға тазалау жүргізу
C. <variant> сынаманы қайталау
D. <variant> құрал - саймандарды кептіру
E. <variant> құрал - саймандарды бикске салу

9.Емшара бөлмесінде биксті ашқан кезде индикатор лентасының түсі өзгермеді. Мейіргердің амалы:

A. <variant> биксті қайта стерилизациялауға жібереді
B. <variant> биктің ішіндегі заттарды дезинфекциялайды
C. <variant> бикстегі заттарды қолданады
D. <variant> бикстегі заттарды стерилизация алды тазалаудан өткізеді
E. <variant> барлығынастерилизация алды тазалауды қайталайды

10.Науқас 28 жаста, терапиялық бөлімшеге жөтел, кеуде қуысының ауырсынуға шағымданып түсті. Объективті деректері АҚ 100/70, жүрек соғысы 110, тыныс алу жиілігі 26, дене температурасы 390С.Науқастың дене температурасын сипаттайтын қорытынды:

A. <variant>фебрильді
B. <variant>тахипноэ
C. <variant> гипертензия
D. <variant> тахикардия
E. <variant> гипотермия

11.Науқас 48 жаста, терапия бөлімшесіне келіп түсті. Қарап тексеру кезінде АҚ140/90, жүрек соғысы 100, тыныс алу жилігі 19. Артериялық қысым шамасын бағалаңыз:

A. <variant> жоғары
B. <variant> оптимальді
C. <variant>қалыпты
D. <variant> төмен
E. <variant> гипотензия

12.Артериальді қан қысымын өлшер алдында науқасқа мейіргер ... ескертеді.

A. <variant> өлшеу алдын 5 минут көлемінде демалу қажеттігін
B. <variant> кофе ішу керектігін
C. <variant> өлшеу алдын 30 минут көлемінде демалу қажеттігін
D. <variant> тұзды тамақты қолданбау қажеттігін
E. <variant> дәрілік заттарды қолданбау керектігін

13.Үлкен жастағы науқас бір минутта 22 рет тыныс алды. Тынысы ритмді, дұрыс. Науқастың жағдайын бағалаңыз:

A. <variant> тахипноэ
B. <variant> брадипноэ
C. <variant> Куссмаул тынысы
D. <variant> апноэ
E. <variant> Чейн-Стокса тынысы

14.Үлкен жастағы науқас бір минутта 14 рет тыныс алды. Тынысы ритмді, дұрыс. Науқастың жағдайын бағалаңыз:

A. <variant> брадипноэ
B. <variant> тахипноэ
C. <variant> Куссмаул тынысы
D. <variant> апноэ
E. <variant> Чейн - Стокса тынысы

15.Науқаста АҚ 240\120мм.с.б. пульс 108 соққы минутына, аритмиялық. Мейіргердің амалы:

A. <variant> жатқызу, тыныштандыру, кезекші дәрігерді шақыру
B. <variant> пациентті терапевтің қабылдауына жіберу
C. <variant> ЭКГ-бөліміне жіберу
D. <variant> гипотензивті дәріні қабылдауды ұсынып үйіне жіберу
E. <variant> пациентті үйіне жіберу

16.Науқас Н 17 жаста, ревматизм белсенді фаза диагнозымен кардиологиялық бөлімшеге келіп түсті. Ревматоидты полиартрит. Шағымы: 37,8 С дене қызуына, тізе, шынтақ,білек буынарында ауырсыну, жүрек аймағында жағымсыз сезім, жалпы әлсіздік, тәбетінің төмендеуі. Пульс 92, АҚ=110/70.Науқастың мәселесін шешуге мейіргердің тәуелсіз араласуын анықтаңыз:

A. <variant> жылы көрпе жабу
B. <variant> асқазан ішектің жағдайын бағалау
C. <variant> диурезді бақылау
D. <variant> АҚ бағалау
E. <variant> пульсті бағалау

17. 25 жастағы науқас эпигастрия аймағының жіті ауырсынуына, ауырсыну тамақтанып болған соң 3-4 сағаттан кейін басталады, кейде түнде, кекіру, қыжылдау,іш қату, азуға шағымданды. Көп темекі шегеді, жұмысы жүйкеге ауырлық түсіреді. Пациент өз денсаулығының жағдайына, еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне алаңдайды. Тексергенде: жалпы жағдайы қанағаттанарлық. Тері жамылғысы бозарған, тері асты май қабаты әлсіз дамыған. Тілі ақшыл-сары жабындымен көмкерілген. Пальпациялау кезінде кіндігінен жоғары іштің оң жақ бөлігінде аурысыну байқалады. Бауыр мен көк бауыры ұлғаймаған. Мейіргерлік күтімнің араласу мүмкіндігін анықтаңыз:

A. <variant> №1 емдәм тағайындау, аз порциямен жиі тамақтандыру
B. <variant> №5 емдәм тағайындау, сүтті тағамдарды қолданбау
C. <variant>асты жақсы қорыту үшін емдік дене шынықтыруды тағайындау
D. <variant> №7 емдәм тағайындау, ашты, тұзды, қуырылған тамақтарды жемеу
E. <variant>кальции препаратын, дәрумендер тағайындау

18.Кардиология бөлімшесіне 45 жастағы науқас келіп түсті, диагнозы II деңгейлі гипертониялық ауру.Бұл науқасқа арналған тамақтану кеңестерінің ... дұрыс.

A. <variant> №10 диета тағайындау, тұзды тағамдарды шектеу
B. <variant> №5 диета тағайындау, тәтті тағамдарды шектеу
C. <variant> №1 диета тағайындау, ашты тағамдарды шектеу
D. <variant> №7 диета тағайындау, қуырылған тағамдарды шектеу
E. <variant> №5 диета тағайындау, суйықтық қабылдауды шектеу

19. Мейіргерлік күтім мақсатын анықтайтын мейіргерлік үрдіс кезеңін анықтаңыз:

A. <variant> мейіргерлік күтімді жоспарлау
B. <variant> мейіргерлік құжаттарды толтыру
C. <variant> мәліметтерді жинау
D. <variant> мейіргерлік диагнозды анықтау
E. <variant> мейіргерлік күтім жоспарын жүзеге асыру

20.Эндокринологиялық бөлімшеде 35жастағы, I типті қант диабеті бар науқас емделуде. Аузының құрғауына, шөлдеу, терісінің қышынуына, кіші дәретке жиі баратынына шағымданады. Осы науқасқа арналған ... қажет.

A. <variant> № 9 диета тағайындау, тәтті тағамдарды шектеу
B. <variant> №5 диета тағайындау, тәтті тағамдарды шектеу
C. <variant> №1 диета тағайындау, ашты тағамдарды шектеу
D. <variant> №10 диета тағайындау, тұзды тағамдарды шектеу
E. <variant> №7 диета тағайындау, қуырылған тағамдарды шектеу

8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары

1. Мейіргер ісі туралы түсінік.
2. Науқас адамдарды күту және оның маңызы.
3. Медициналық этика және деонтология.Топтағы, ұжымдағы тұлғааралық қатынастар.
4. Мейіргер күтімінің міндеттері.
5. Емдеу-профилактикалық мекеменің басты типтері.
6. Дене биомеханикасы түсінігі.
7. . Қабылдау бөлімінің құрылымы.
8. Медициналық құжаттама.
9. Мейіргерлік үрдістің мақсаты.
10. Науқастарды тасымалдау және орнын ауыстыру.
11. Асептика және оның түрлері.
12. Мейіргер-дәрігер арсындағы қарым-қатынас.
13. Мейіргер іс- шарасының негіздері.
14. Антисептика және оның түрлері.
15. ЕПҮ-дағы емдік тамақтануды ұйымдастыу.
16. Дәрілік заттарды есепке алу және сақтау.
17. Ауруханаңың емдеу бөлімі. Емдеу бөлімінің құрамы.
18. Науқастарды зеңбілмен тасымалдау техникасы.
19. Жағдайы ауыр науқастарды күту.
20. Науқастарды арнайы тексеруге дайындау.
21. Науқастың жеке басының гигиенасы.
22. Ауыр жарақат алған науқастарды тасымалдау.
23. Тамақтану рационын ұйымдастыу.
24. Науқастың жалпы жағдайын бағалау және бақылау.
25. Науқастарға тамақты үлестіру және науқастарды тамақтандыру.
26. 2. №1, №2, №3 емдәм туралы түсінік.
27. 3. Дәрілік заттарды көк тамыр ішіне енгізу.
28. Венозды катетерлермен жұмыс істеу техникасы.
29. №4, №5 емдәм туралы түсінік.
30. Сифонды клизма жүргізу көрсеткіші.
31. Емдік тағам белгілеудің негізгі принциптері.
32. Дене қызуы және оны өлшеу.
33. Физиотерапия және оның түрлері.
34. Көз, мұрын, ауыз қуысын өңдеу іс-шаралары.
35. Бұлшық ет инъекциясын орындаудағы болуы мүмкін асқыну және оның себептері
36. Науқастың төсектегі қалыпының сипаттамасы.
37. Қышалар, жылытқыштар, жылы компресс қою әдісі.
38. №6, №7, №8 емдәмдер туралы түсінік.
39. Инфильтраттың себептері, алдын-алу,емдеу.

40. Сумен емдеу, сулы ванна, дәрілік ванна туралы түсінік.
41. Гипертониялық клизмаға көрсетілімдер
42. №9, №10, №11 емдәмдер туралы түсінік.
43. Дәрі-дәрмектерді дәріханадан алу, сақтау және қолдану.
44. Дәрілік препараттарды парентеральді жолмен енгізу.
45. Анафилактикалық шок, алдын-алу
46. Қарапайым физиотерапиялық шаралар. Оксигенотерапия.
47. №12, №13 емдәмдер туралы түсінік.
48. Дәрігерлік және мейірбикелік диагноздың айырмашылығын сипаттау.
49. Антибиотиктерді еріту ережесі.
50. Зертханалық зерттеу әдістері.
51. Майлы клизма және оны жүргізу себептері.
52. Егу кабинетінде болуы тиіс құжаттар.
53. Асқазанды шаю алгоритмі.
54. Функционалды кереуеттің мақсаты.
55. Егу кабинетінің жұмысын ұйымдастыру
56. Бүйрек ауруымен ауырған науқастарды күту.
57. Тыныс алуды бағалау.
58. Тері ішіне инъекция жасау.
59. №14 емдәмдер туралы түсінік.
60. Асқазанды шаю алгоритімі.
61. Тері астына инъекция жасау.
62. Кәсіби мейіргер жұмысын ұйымдастыру.
63. Аллергиялық тестілер жүргізу.
64. Бұлшық ет ішіне инъекция жасау.
65. Дайындалған инсулин дозасын шприцпен алу техникасы.
66. Ішек қызметі бұзылған кездегі мейіргерлік үрдіс.
67. Абсцес және оның пайда болу себебі.
68. Электр тогымен емдеу көрсеткіші.
69. Қақырықты жалпы анализге жинау.
70. Көктамырішілік – тамшылы жүйені жинау техникасы.
71. Тыныс алу мүшесін аспаптармен зерттеу әдістері.
72. Мейіргерлік үрдіс кезеңдері.
73. Электрокадиография.
74. Стерилизация: түрлері,әдістері,қолданылатын заттар.
75. Жүрек қан-тамыр жүйесімен ауырған науқастарды күту және бағалау.
76. Перифериялық көктамыр катетерін кою техникасы.
77. Дәрілік электрофорез техникасы.
78. Пульсті зерттеу әдісі.
79. Мейіргерлік күтімді ұйымдастыру.
80. Клизма және оның түрлері.
81. Көп рет қолданылатын құрал-жабдықтарды зарарсыздандыру тәртібі.
82. Артерия қысымын өлшеу ережесі.
83. Инфильтрат және оның пайда болу себебі.
84. Мейіргер мен науқас арасындағы қарым қатынас.
85. Емдік диета түсінігі.
86. Асқорыту жүйесі бұзылған кездегі мейіргерлік үрдіс.
87. Жүрек астмасы кезінде көрсетілетін шұғыл жәрдем.

88. Науқастың төсегін әзірлеу.
89. Қантамырлардың жедел кемшілігі. Талма.
90. Мейіргер мен науқастың туыстары арасындағы қарым қатынас.

8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) Сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қол жеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

№1 кесте

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивлент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағатсыз
Бағалау критерилері	***Өте жақсы «A»:*** Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда ***Жақсы «B+» - «C+»:*** Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда ***Қанағаттанарлық «C» - «D»:*** Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда ***Қанағатсыз «F»*:** Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК (аралық бақылау) = РД (жіберу рейтингі) х 60% + баға (Э х 40%)Емтихан(жеке): қорытынды емтихан.
Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :
Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)
Бағалау критерилері:
Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.
Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.
Тапсыру мерзімі: Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсын аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.